**1992 жылы туылған азаматтарды Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақырушылар учаскесіне тіркеу туралы**

***Күшін жойған***

Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы N 400 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Ғабит Мүсірепов атындағы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 14 қаңтарда N 13-5-89 тіркелді. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 8 сәуірдегі N 02.09.01-05/374 хаты)

Ескерту. Күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданы әкімдігінің 08.04.2013 N 02.09.01-05/374 хаты)

«Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74–III Заңы, «Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысы негізінде, 1992 жылы туылған азаматтарды Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің әскерге шақырылушылар учаскесіне тіркеуді ұйымдастыру мақсатында аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөліміне жынысы ер 1992 жылы туылған және үлкен жасты шақыру учаскесінде тіркеуді өтпеген азаматтарды тіркеуге шақыру 2009 жылдың қаңтарынан наурыз айы аралығында жүргізілсін.

2. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінде шақыру учаскесі ұйымдастырылсын, тіркеу жөніндегі жеке комиссия мүшелері келесі құрамда бекітілсін:

Ғабдуллин Дулат Бекейұлы - «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығы, комиссия төрағасы;

Бекиш Бақытжан Серікұлы - «Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі құрылыс және оперативтік сұрақтар бойынша әкім орынбасарының көмекшісі – бас маман Комиссия мүшелері:

Журавлев Юрий Григорьевич - «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

Селезень Алексей Николаевич – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның ұйым жұмысы бойынша бас дәрігер орынбасарының міндетін уақытша атқарушы, дәрігерлік комиссия төрағасы;

Бейкель Светлана Николаевна - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның аға медбикесі, комиссия хатшысы.

Тіркеу комиссиясының мүшелері сырқаттанып немесе басқа да себептермен келмей қалған жағдайда келесі көмекшілер бекітілсін:

Мұратбеков Рамазан Рашитұлы - «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары, комиссия төрағасы;

Тайшабаева Алтыншаш Жұлдызбекқызы - Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары, комиссия төрағасының орынбасары.

Ақтаев Ибрагим Салықұлы - «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның ішкі істер бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығының орынбасары;

Бижанов Қаныш Болатұлы – Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Аудандық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері, дәрігерлік комиссияның төрағасы;

Сергеева Любовь Андреевна - Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Аудандық емхана» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынның медбикесі, комиссия хатшысы.

3. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Ғабдуллин Дулат Бекейұлына 2009 жылдың қаңтар айынан бастап тіркеуге жататын азаматтарды шақыруын жүргізу ұсынылсын (келісім бойынша).

4. Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның «Аудандық емхана» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорынның бас дәрігері Бижанов Қаныш Болатұлына келесі міндеттер ұсынылсын (келісім бойынша):

1) азаматтарды дәрігерлік куәландырудан өткізу үшін қажетті құрамда тәжірибелі дәрігер мамандары және орта дәрігерлер қызметімен қамтамасыз етсін;

2) аудандық емдеу мекемелері арқылы көкірек клеткасына флюрография ( рентгеноскопия) жасау, аяқ табандарын тексеру, электрокардиограмма, анализдер өткізуі барлық азаматтарға 2009 жылдың қаңтарынан бастап «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің есеп жоспарына сәйкес қамтамасыз етілсін;

3) дәрігерлік комиссияны қажетті мөлшерде дәрігерлік және шаруашылық мүлікпен қамтамасыз етілсін;

4) «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің берген тізімге сәйкес тіркеуден өткеннен соң емдеу қажет етілетін азаматтарды емдеу мекемесінің қарамағына алып келіп, кезекті әскери шақыруға дейін емдеу жүргізілсін.

5. Барлық селолық округтердің әкімдеріне жүктелсін:

1) тіркеуге жататын барлық азаматтарға қолма қол шақыру қағазы беріліп, олардың толық комиссиядан «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі белгілеген мерзімге сәйкес әскерге шақыру учаскесіне келіп өтуін қадағаласын;

2) азаматтарды әскерге шақырушылар учаскесіне жеткізу үшін қажет көлік пен жетекші бөлу қамтамасыз етілсін, азаматтарды тасымалдауда апат жағдайлардан сақтап қалу үшін шаралар қабылдансын;

3) әскерге шақыру учаскесіне азаматтарды жіберуден бұрын шақыру қағазында көрсетілген қажетті құжаттарының толық екендігі тексерілсін.

6. «Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Дышкант Наталья Геннадьевнаға тіркеу жасау учаскесіне бюджетте қаралған қажетті ақша бөлінсін.

7. «Ғабит Мүсірепов атындағы ауданның Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі бастығы Ғабдуллин Дулат Бекейұлына 1992 жылы туылған азаматтардың әскери шақыру учаскесіне тіркеуінің қорытындысын Ғабит Мүсірепов атындағы аудан әкіміне 2009 жылдың сәуір айында хабарласын.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Алтыншаш Жұлдызбекқызы Тайшабаеваға және Ғабит Мүсірепов атындағы аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы Ғабдуллин Дулат Бекейұлына жүктелсін.

9. Осы қаулы ресми түрде жарияланған кейін он күн күнтізбелік өткеннен кейін қолданысқа еңгізіледі.

*Аудан әкімі М. Тасмағанбетов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК